

планов действий на местном уровне, включая остро стоящую проблему качества питьевой воды, участия в планировании размещения промышленных объектов и автозаправочных станций в жилых кварталах, сохранению биоразнообразия и лесных массивов, озеленению городов и других населенных пунктов.

В тексте Орхусской конвенции сказано: "Мы признаем и поддерживаем критическую роль, которую играют в обществе экологические НПО, в качестве важного канала для формулирования мнения экологически обеспокоенной общественности. Вовлеченная, критически настроенная и осведомленная общественность является существенно важным элементом здоровой демократии. Предоставляя отдельным гражданам и экологическим НПО возможность играть активную роль в разработке природоохранной политики и в повышении информированности общественности, Орхусская Конвенция будет способствовать росту экологической ответственности граждан и позволит всем членам общества выполнить свой долг как индивидуально, так и в союзе с другими по защите и улучшению среды обитания на благо нынешнего и будущих поколений".

Необходимы значительные усилия, чтобы прийти к новому качеству жизни, безопасному для человека, и уверенно думать о будущем наших детей и сохранении природной среды. В условиях экономической нестабильности, реорганизации управленческих структур необходимы крупные инвестиции для решения насущных экологических проблем, особенно важных на первоначальном этапе реализации экологической стратегии. Таких средств в Казахстане сейчас недостаточно, поэтому для реализации экологической стратегии нужна финансовая и техническая поддержка стран и организаций-доноров на первом этапе работы. Национальный План действий по охране окружающей среды предусматривает, что через некоторое время Казахстан сумеет создать механизмы, которые позволят поддерживать экологическую программу за счет собственных ресурсов.

Ядерная эпоха планеты подходит к концу. Казахстан – страна, о которой многие развитые страны толком узнали после развала Союза, Казахстан играл в этом Союзе роль большого ядерного полигона. Семипалатинск был лишь одним из таких полигонов. Пришли другие времена. Казахстан стал абсолютно самостоятельным. И мы будем бороться за нашу здоровую экологическую обстановку.

1. Калиев С. Воздействие ГМК на окружающую среду //Промышленность Казахстана. – 2008. - № 12. – С.12-14.

2. Состояния окружающей среды Восточно-Казахстанской области. 2001 год // Экология Восточного Казахстана: проблемы и решения. - Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГУ, 2010. - С. 4-28.

3. Дубовик О.Д. Эффективность юридической ответственности в охране окружающей среды. - М.: Наука, 1985. - С. 23.

4. Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 1995.- С. 41.

\*\*\*

Мақалада Қазақстандағы маңызды экологиялық мәселелердің шешу жолдары мен ядролық сынақтардың қоршаған ортаға тигізген залалдары жөнінде мәселелер қаралған.

\*\*\*

Describes one of the major environmental problems in Kazakhstan-the impact of nuclear testing on the environment and explored their programme.

*А.М. Умутбаева*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ АҚШ ЗАҢНАМАЛАРЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЛАСТАУДАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның қолайлы қоршаған ортамен қамтамасыз етілуіне кепілдік беріп отыр және бұл маңызды және міндетті элементі, ұтымды табиғат пайдалану мен экологиялық қауіпсіздікті басқару тетігінің стратегиясын жасау болып табылатын тиімді әлеуметтік-экономикалық саясаттың қажеттігін негіздейді [1].

Қазіргі заманауи тұрақты дамуға өту кезеңінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Бүгінгі күнде өз шешімін таппай отырған мәселелердің бірі болып, өндіріс және тұтыну қалдықтарының мәселесі танылады: еліміздің әртүрлі аймақтарында оларды орналастыру мен көму орындарының саны мен көлемі көбейіп отыр: қалдықтарды орналастыру елді мекен жерлеріне жақын жерлерде жүзеге асырылады, олардың химиялық және физикалық құрамы үнемі күрделеніп отырады, қалдықтарды орналастыру үшін жерлер жетіспейді және оларды жою мен зарарсыздандыру үшін төлемақылардың мөлшері де көбеюде.

Біздің республикамызда өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау, өңдеу және жою мониторингін қамтитын қалдықтарды басқарудың тиімді мемлекеттік жүйесі жоқ. Қалдықтарды кешенді түрде қайта өңдеудің маңыздылығы, елімізде жиырма екі млрд тоннадан астам өндіріс пен тұтыну қалдықтарының, оның ішінде он алты млрд-тан астамы техногендік минералдық түзілімдердің үлесі болса, алты млрд-ды қауіпті қалдықтар және 96 миллион тонна қатты қалдық болып табылатынына негізделіп отыр. Жыл сайын 700 млн тонна қалдықтар түзіледі, оның ішінде 250 млн тоннасы зиянды қалдықтар болып табылады, 96 млн текше метр қатты қалдықтың бес пайызы ғана жойылуға жатады.

Бұл жағдайлардың барлығы өндірісте ескірген технологияларды, өнеркәсіпте сапасыз шикізат пен отынды пайдалануымен, сонымен қатар, шаруашылық етуші субъектілердің өндіріс қалдықтарын өнеркәсіптік қайта өңдеуге және жоюға қомақты қаржы бөлмейтіндігімен түсіндіріледі.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде өндіріс және тұтыну қалдықтарына меншік құқығын, қалдықтарды жіктеуді қарастыратын, сонымен бірге, қалдықтарды көмуге қойылатын талаптарды қоса алғанда, қалдықтармен жұмыс істеуге қойылатын талаптарды қарастыратын төрт тарау бар. Экологиялық кодекстегі осындай көп нормалар шикізаттың, материалдардың, өзге де бұйымдар мен өнімдердің өндіріс немесе тұтыну процесінде пайда болған қалдықтары, сондай-ақ өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер) болып табылатын қалдықтардың құқықтық мәртебесін анықтайды.

ҚР Экологиялық Кодексінде өндіріс және тұтыну қалдықтарының анықтамасы айқындалмаған. Өндіріс қалдықтары – бұл өнім өндіру немесе қызмет көрсету барысында қалыптасқан шикізат, материалдар, жартылай фабрикаттар, химиялық қосылыстар қалдықтары және өзінің тұтыну қасиетін толық немесе ішінара жоғалтқан қалдықтар. Тұтыну қалдықтары – физикалық немесе моральдық пайдалану нәтижесінде өзінің тұтыну қасиетін жоғалтқан бұйымдар және материалдар.

Қолданыстағы Экологиялық кодекстің үшінші тарауын саралау нәтижесінде көретініміз, біздің елімізде қалдықтарды басқару бойынша арнайы құзіретті органның жоқтығын байқаймыз. Жекелеген өкілеттіктер Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне, ал басқалары жергілікті атқарушы органдарға берілген. АҚШ-та мұндай өкілеттікті қоршаған ортаны қорғау және қатты қалдықтар бағдарламасын басқару Агенттігі жүзеге асырады. Агенттік табиғат қорғау қызметінде тиімді мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында 1970 жылы құрылған. Агенттік бағдарламалары құрамында – ауа тазалығын бақылау бағдарламасы, қалдықтарды, су, қауіпті материалдарды, сондай-ақ улы заттарды пайдалану бағдарламалары орын алған. Агенттіктің қалдықтарды басқару қызметі келесі заңнамаларға негізделеді:

Қоршаған ортаны ластауға тыйым салатын Өндіріс қалдықтары туралы 1899 жылғы бірінші федералды Заңы, бірақ ол заңды күшіне тек 1970 жылы енді; 1965 жылғы қатты қалдықтарды жою туралы Заңы. Аталған заңмен қатты қалдықтарды жою тәсілдері, соның ішінде қоқыстарды, қағазды, металл сынықтарын жою тәсілдерін әзірлеу бағдарламасы енгізілді; 1970 жылғы ресурстарды қайта қалыпқа келтіру туралы Заң қатты қалдықтарды жоюды жетілдіру бағдарламасын енгізді. Мұнда қатты қалдықтарды жою бағдарламасын жүзеге асыру өкілеттігі Денсаулық сақтау Министрлігінен Агенттік құрамына өтті.

Күнделікті орта статистикалық американдық 2 кг қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарады. Соңғы жиырма жылда әр отбасына есептелген «Тұтынуды азайту. Қайта пайдалану. Қайта өңдеу» (RRR - Reduce, Reuse, and Recycle) атты жалпы ұлттық бағдарламасы жүзеге асып келеді. Американдықтарды қайта өңдеуге шыны, пластик, қағазды өткізуге ықпал етеді, суды, электр энергиясын, жылуды, т.б. үнемді жұмсауға үйретеді. Федералды билік органдары мұндай бағдарламаларға жыл сайын 35 млн АҚШ долларын жұмсайды. Қалдықтарды жинау мен өңдеуді қалыптастыру индустриясы АҚШ та 1,1 млн жұмыс орнын құруға септігін тигізді.

Елімізде «Жасыл Даму» мемлекеттік бағдарламасы шегінде өндіріс пен тұтыну қалдықтарын басқару бойынша Ұлттық орталықты құру жоспарланып отыр. Оның негізгі мақсаты болып – табиғат қорғау шараларын жүзеге асыру, қоршаған ортаны қорғау саласындағы кәсіпкерліктің іргесін дамыту экологиялық новацияларды енгізу, технологиялық кешен өндірісін салу танылады. Бұл орталық Ұлттық қордың қаражатын пайдалана отырып, қалдықтарды өңдеу саласындағы әртүрлі жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырады. Ұлттық қорға жиналған экологиялық төлемдер мен айыппұлдар «Жасыл даму» орталығына бағыттталып, жобаларды жүзеге асыруға жұмсалады [2].

Нақты саладағы қабылданатын нормативтік ережелер мәжбүрлі түрде орындалу тетігін қарастыру керек. Бұл тетіктер кез келген салада қолдануға болатын, әмбебеп, яғни, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік болуы мүмкін. Бұдан басқа, заңды жауапкершілік экологиялық құқықтық тәртіпті бұзған тұлғалардың жүріс тұрысына әсер ететін арнайы шара болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтар экологиялық құқық бұзушылықтар ретінде танылып, келесі белгілерге ие болады:

1. Экологиялық құқық бұзушылықтардың объектісі болып, қоршаған ортаны қорғау және ұтымды табиғат пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастар танылады;

2. Экологиялық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы болып, кез келген құқық бұзушылық сияқты белсенді түрде жасалған құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік;

3. Құқық бұзушылық құрамының келесі белгісі болып, екі нысанда көрініс табатын кінә танылады. Кінә қасақана және абайсыздық нысанда болады;

4. Экологиялық құқық бұзушылықтардың субъектісі болып, есі дұрыс, белгілі жасқа толған жеке тұлғалар және мемлекеттік немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар танылады [3, с.278].

Қалдықтар туралы заңнаманы бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің негізі болып, осы саладағы құқық бұзушылық танылады. Осы саладағы құқық қатынастардың күрделілігі мен объектінің ерекшелігіне байланысты заңды жауапкершілік те өзінің ерекшеліктеріне ие. Шаруашылық етуші субъектіні жауапкершілікке тарта отырып, құзіретті мемлекеттік орган кәсіпорынның қаржылық мүддесін қозғайды. Салынған айыппұлдар кәсіпорындар үшін қаржылық қиындықтарды туындатады. Әрине кәсіпорындарда жұмыс істейтін халық үшін пайдасыз, бірақ олар, адамдардың өмірі үшін қауіп төндіретін қалдықтардың шоғырлануына да қарап қала алмайды. Қалалық қоқыстар құстардың, әртүрлі кеміргіштердің, жабайы және тағы үй жануарларының мекеніне айналып отыр. Олардың барлығы әртүрлі аурулардың тасымалдаушысы болып табылады.

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» ҚР Кодексында қалдықтармен жұмыс істеу ережесін бұзғаны үшін бірқатар баптар енгізілген. Осыған сәйкес, Төтенше жағдайлар жөніндегі Министрлік бақылауындағы өнеркәсіп салалары мен объектілердегі өзге де радиоактивті, химиялық және экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтарды өндіру, сақтау, көму, жою, пайдалану, кәдеге асыру, тасымалдау ережелерін бұзу туралы істерді қарайды. ҚР ӘҚБК 220-бабына сәйкес жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынады.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі қоршаған ортаны өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластаумен байланысты мәселелерді шешеді. ҚР ӘҚБК 249-бабына сәйкес, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинау ережелерін бұзу, аталған қалдықтарды жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау жағдайында аталған орган әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдануға құқылы. Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу, сарқынды суларды ағызып жіберу ережелерін бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар Министрлігімен ҚР ӘҚБК-нің 261-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады. Ал 270-бапқа сәйкес, кінәлі тұлғалар қалдықтарды есепке алу, кәдеге асыру және залалсыздандыру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады.

Тірі организмдерді, флора және теңіз асты фаунаны сақтауды қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекске 304-бап «Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында қалдықтар мен басқа да материалдарды көму ережелерін, сондай-ақ уақытша тоқтата тұру және бөлшектеу ережелерін бұзу» енгізілді. Оған сәйкес Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында кемелерді және өзге де қалқымалы құралдарды, ұшатын аппараттарды, жасанды аралдарды қондырғылар мен құрылыстарды, қалдықтар мен басқа да материалдарды көму ережелерін, сондай-ақ пайдалы қазбалар орындарының бүлінуіне, адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруге, жанды ресурстарға, теңіз флорасы мен фаунасына залал келтіруге немесе қызметтің басқа да заңды түрлеріне кедергі туғызуға әкеп соғуы мүмкін уақытша тоқтата тұру мен бөлшектеу ережелерін бұзу, жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жиырма, заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

ҚР ӘҚБК-не қалдықтарды сақтау мен көму, өндіріс және тұтыну қалдықтары полигондарының орналасуы туралы ережелерді сақтамау барысында санитарлы-гигиеналық, архитектуралық-құрылыстық, экологиялық нормативтерді бұзғаны үшін жауапкершілік туралы норманы енгізуді ұсынамыз. Қалдықтар полигонында қалдықтарды көму тәртібі енгізілуі керек – қандай қалдықтарды көмуге болатынын не болмайтынын, қалдықтарды өңдеуде қандай әдісті қолдану – термикалық, химиялық, биологиялық және т.б. Және де бұл талаптарды орындамағаны үшін жауапкершілікке тарту шараларын қолдану керек [4].

Экономикалық дамыған мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау заңнамаларында жауапкершіліктің әкімшілік, қылмыстық және азаматтық-құқықтық түрлері көрсетілген. Әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік нақты норманы бұзғанда пайда болады. АҚШ-та айыппұл түрінде қолданылатын әкімшілік жауапкершілік азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің бір түрі ретінде

қаралады, себебі айыппұл сот тәртібімен алынады. АҚШ заңнамасы бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңнаманы бұзғаны үшін бір күнге 25 мың доллар көлемінде белгіленген.

АҚШ-та экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік табиғат қорғау заңнамаларымен, қылмыстық кодекспен реттеледі. Осыған сәйкес, АҚШ заңнамасы бойынша судың, ауа сапасы, қалдықтар туралы нақты заң нормаларын қасақана бұзғаны үшін бір күнге 25 мың доллар көлемінде қылмыстық айыппұл салынады немесе 1 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген, немесе екеуі де орындалуы мүмкін. Қайталап құқық бұзушылық орын алған жағдайда – бір күнге 50 мың доллар көлемінде айыппұл салынады немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. АҚШ-та экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік заң талаптарын қасақана бұзғаны үшін көзделеді.

Қалдықтарға қатысты әрекет етуші ҚР заңнамасына сәйкес қылмыстық жауапкершілік Қылмыстық Кодекстің тек екі бабымен ғана реттеледі. «Радиоактивті материалдармен жұмыс істеу ережесін бұзу» туралы 249-бапта радиоактивті материалдары сақтау, пайдалану, есепке алу, көму, тасымалдау ережелерін және олармен жұмыс істеудің басқа да ережелерін бұзу, егер бұл әрекеттердің кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін болған жағдайында жауапкершілік көзделген. «Ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы» туралы 278 бапта ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану немесе өзге жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы, егер бұл әрекеттер адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру қаупін төндірсе, екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалану жауапкершілігі көзделген [5].

Экономикалық дамыған мемлекеттер заңнамаларында қатаң немесе абсолютті жауапкершілік институты анықталған, яғни жоғары қауіп көзі бар меншік иесінің жауапкершілігі. Англо-американдық құқық бойынша, егер зиян меншікке келтірілсе, бұл институт қолдануға жатады. АҚШ заңнамасы бойынша бұған қатысты қауіпті қызмет критерийі танылады. Заңнамада ережелерді бұзу бойынша қатаң (кінәсіз) жауапкершілік көзделетін қауіпті қызмет түрлерінің тізімі көрсетілген [6].

Қоршаған ортаны қорғау туралы АҚШ заңнамасына сәйкес азаматтардың экологиялық құқықтарын қорғаудың негізгі және көп кездесетін нысаны болып табиғат қорғау заңнамасы талаптарын орындамау туралы әркімнің талап-арыз беру құқығы танылады. Американдық «азаматтардың талап-арыздары» институтының ерекшелігі – оның аясында талапкердің өзіне немесе өзгеге келтірілген зиянды өтеуді талап ете алмауында. «Азаматтар талап-арыздары» институты қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық механизміне қоғамның қоршаған орта жағдайын бақылау формасы ретінде және жаһандық мағынада азаматтардың қауіпсіз қоршаған ортаға құқығын қамтамасыз ету ретінде енген. Бұл институттың тиімділігін арттыру мақсатында американдық заң шығарушы бұл бағытта азаматтарды іске тартуды материалдық ынталандыру жағынан анықтаған. Соттың шешімімен мемлекет қазынасынан олардың еңбектері үшін ақы төленуі мүмкін [7].

Азаматтардың экологиялық құқықтарын қорғау жөніндегі американдық тәжірибені саралай отырып және Қазақстанда сәйкесті механизмдерді жетілдіруде азаматтар мен қоғамдық құрылыстардың Үкімет, мемлекеттік табиғат қорғау органдары қызметіне ықпал ету және экологиялық заңнаманың дамуына байланысты мәселелерді шешуге әсер ету құқығын беруіне назар аудару керек.

1. Конституция Республики Казахстан // Ведомости Парламента Республики Казахстан. – 2007. – № 4. – Ст. 217.

2. Программа «Здоровая окружающая среда города Астаны на 2005-2007 годы». Утверждена решением маслихата города Астаны от 24 декабря 2004 года № 109/15-III//<http://eco.gov.kz/strategiya/region.php>.

3. Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. – Алматы, 2003. – 328 с.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі. - Алматы: Юрист, 2009.

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. - Алматы: Жеті Жарғы, 2010.

6. Закон охраняет природу // Америка. - 1992. - № 422. - С. 15.

7. Захарченко Т.Р. Указ. соч. - С. 59.

\*\*\*

В данной статье автор рассматривает проблему юридической ответственности за загрязнения окружающей среды отходами производства и потребления, также проводит сравнительно-правовой анализ по законодательству США и Республики Казахстан.

\*\*\*

In this article the author addresses the issue of legal liability for the contamination of waste production and consumption, is also conducting comparative legal analysis under the laws of the United States and the Republic of Kazakhstan.